

Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 25 шілде N 295. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 3 қазанда тіркелді. Тіркеу N 381. Ескерту. Нұсқаулық күшін жойды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 15 қараша N 400 ~V991012 қаулысымен.

Осы Нұсқаулық "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына Z960054_ , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Z952155_ және "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Z952444_ Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін, сондай-ақ қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарды, Қазақстан Республикасының аумағындағы олардың айырбастау пункттері мен уәкілетті банктердің айырбастау пункттерін құру, олардың қызметін лицензиялау және тоқтату тәртібін белгілейді. <*>

Ескерту. Кіріспеде сөздер өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. Нұсқаулықтың мәтініндегі "I, II, III, IV, V, VI, VII,

VIII, IX" рим сандары "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9" араб

сандарымен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен; "Осы Ереженің", "осы

Ережеде", "осы Ережеге" деген сөздер тиісінше "Осы

Нұсқаулықтың", "осы Нұсқаулықта", "осы Нұсқаулыққа" деген

сөздермен ауыстырылды; "облыстық (аумақтық) басқармасы",

"облыстық (аумақтық) басқармасында", "облыстық (аумақтық)

басқармасына", "облыстық (аумақтық) басқармасынан",

"облыстық (аумақтық) басқармасының", "облыстық (аумақтық)

басқармалары" деген сөздер "филиалы", "филиалында",

"филиалына", "филиалынан", "филиалының", "филиалдары" деген

сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:
уәкілетті банктер - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берген лицензиясы бар банктер; <*>

банк операцияларының жекелеген түрлерін іске асыратын уәкілетті ұйымдар - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге берген лицензиясы бар заңды тұлға (бұдан әрі - уәкілетті ұйымдар);

айырбастау пункттері - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясына сәйкес жүзеге асырылатын қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған орын;

уәкілетті кредиттік серіктестіктер - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде өз қызметін жүзеге асыратын кредиттік серіктестіктер; <*>

кросс бағам - екі шет ел валютасының арасындағы арақатынас, ол Қазақстан теңгесіне қатысы жөніндегі бағамынан туындайды;

қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операциялары - қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар. <*>

Ескерту. 1.1.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 1.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

1.2. Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент емес жеке тұлғаларының талабын қанағаттандыру үшін уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті ұйымдар қолма-қол шет ел валютасының Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сатып және айырбастау операцияларын жүргізу үшін айырбастау пунктін ашады. <*>

Ескерту. 1.2.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

1.3. Уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті ұйымдар айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі қызметіне лицензияны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) береді. <*>

Ескерту. 1.3.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2. Уәкілетті банктердің айырбастау пункттерін және
кредиттік серіктестіктер құру <*>

Ескерту. 2-бөлімнің атауындағы толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.1. Уәкілетті банктердің, сондай-ақ уәкілетті кредиттік серіктестіктердің
айырбастау пункттері уәкілетті банк жөніндегі бұйрық негізінде ашылады.
Уәкілетті банктер бұл туралы Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық)
басқармаларын айырбастау пунктін ашу туралы бұйрық шыққан күннен бастап
үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлар етеді. <*>

Ескерту. 2.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.2. Уәкілетті банктердің, сондай-ақ уәкілетті кредиттік серіктестіктердің
айырбастау пункттері Ұлттық Банктің филиалында міндетті түрде тіркелуі керек,
сонымен бірге әрбір айырбастау пунктіне тіркеу куәлігі беріледі (N 1 қосымша).
<*>

Ескерту. 2.2.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.3. Ұлттық Банктің филиалында тіркелу айырбастау пункті жұмысының
негізі болып табылады.

2.4. Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті банктердің үй-жайларында, сондай-ақ
уәкілетті кредиттік серіктестіктердің үй-жайларында ашылған айырбастау
пунктін немесе оның филиалдарын жазбаша хабар алынған күннен бастап 10
күннен кешіктірмей тіркейді және тіркеу куәлігін береді. <*>

Ескерту. 2.4.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.5. Айырбастау пунктін уәкілетті банктердің, сондай-ақ уәкілетті кредиттік
серіктестіктердің үй-жайларынан тыс жерден ашқан жағдайда Ұлттық Банктің
филиалы жазбаша хабар алынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қажетті
құжаттардың болуын, сондай-ақ айырбастау пункті үй-жайларының осы Ережеде
белгіленген талаптарға сай болуын тексеруге міндетті. Ұсынылған құжаттар
бойынша және айырбастау пунктінің үй-жайларына ескертпелер болмаған
жағдайда Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) басқармасы айырбастау пунктін
тіркейді және тіркеу куәлігін береді. <*>

Ескерту. 2.5.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.6. Уәкілетті банктердің, сондай-ақ уәкілетті кредиттік серіктестіктердің
үй-жайларынан тыс орналасқан айырбастау пунктін тіркеу үшін Ұлттық Банктің

облыстық (аумақтық) басқармасына мынадай құжаттар ұсыну қажет: <*>

- айырбастау пунктін тіркеуге өтініш;
- шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға уәкілетті банк берген лицензияның көшірмесі;
- жалдау шартының немесе уәкілетті банктің айырбастау пунктінің үй-жайына иелік ету құқығын растайтын құжаттың көшірмесі;
- айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылдары құралдарын пайдалануға қабылдап алу актісі; <*>
- айырбастау пунктін күзетуді тиісті қарулы күзет қызметі жүзеге асыратын болса, айырбастау пунктін күзету шартымен қоса Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің осы қызмет түрін жүзеге асыруға берген лицензиясының көшірмесі; <*>
- күзетті уәкілетті банктің өзінің қауіпсіздік қызметі жүзеге асыратын болса, айырбастау пунктін күзету уәкілетті банктің өзінің қауіпсіздік қызметіне жүктелуіне байланысты бұйрықтың көшірмесі, оны күзету үшін тағайындалған уәкілетті банктің құрылымдық бөлімшесі туралы ереже; <*>
- айырбастау пунктінде қарулы күзет болмаса, айырбастау пунктінің қауіп-қатер дабылы құралдарын пайдалануға қабылдау актісі. <*>

Ескерту. 2.6.-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 2.6.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.7. Ұлттық Банктің филиалы облыс аумағындағы уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттерін тіркеу кезінде айырбастау пункттеріне реттік тіркеу номері беріледі. Сонымен қатар уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттерінің (тіркеу, қайта тіркеу) есебі жеке тізбемен жүргізіледі. <*>

Ескерту. 2.7.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.8. Ұлттық Банктің филиалы ұсынылған құжаттар мен айырбастау пунктінің үй-жайы осы Нұсқаулықта көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің айырбастау пунктін тіркеуден бас тартуға құқылы. <*>

Ескерту. 2.8.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.9. Шет ел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға жаңа лицензия алған жағдайда уәкілетті банк, уәкілетті кредиттік серіктестік бес күн ішінде оның көшірмесін Ұлттық банктің филиалына тапсыруға міндетті. <*>

Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің

айырбастау пунктін осы Нұсқаулық талаптарына сәйкес қайта тіркейді және тіркеу туралы куәлік береді. <*>

Ескерту. 2.9.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 2.9.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.10. Уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестік айырбастау пунктінiң мекен-жайы өзгерген жағдайда Ұлттық банктің филиалы айырбастау пунктін осы Нұсқаулық талаптарына сәйкес қайта тіркейді. <*>

Ескерту. 2.10.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.11. Уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестік айырбастау пункті айырбастау операцияларын жүргізгенде тәртіп бұзғаны байқалған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы барлық байқалған тәртіп бұзушылықтар туралы уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестік басшыларын жазбаша хабардар етеді және тәртіп бұзушылықтың түріне байланысты оларды жою үшін белгілі мерзім береді. Тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктінiң қызметін алты айға дейін тоқтатуға құқылы. Бұдан кейін де тәртіп бұзушылық байқалған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін жабу туралы уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер алдына мәселе қояды. <*>

Ескерту. 2.11.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

2.12. Осы қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік почта байланысы ұйымдарының айырбастау пункттерін ашу уәкілетті банктердің айырбастау пункттерін құру сияқты жолымен жүргізіледі. <*>

Ескерту. 2.12.-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

3. Уәкілетті ұйымдар мен олардың айырбастау пункттерін құру <*>

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.02.19. N 17 V990709_ қаулысымен.

3.1. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге Ұлттық Банк берген лицензиясы бар, бірден бір қызметі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу болып табылатын уәкілетті ұйымдар қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге

асыра алады. Уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталы құрылтайшылардың жарналары есебінен түсетін ақшамен ғана Қазақстан теңгесінен құралады және ол лицензия алар кезде толық төленген болуға тиіс.

Уәкілетті ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде ғана құрыла алады.

3.2. Уәкілетті ұйымдардың Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де филиалдар, өкілдіктер және еншілес ұйымдар құруға, сондай-ақ құрылтайшы болуға немесе басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқы жоқ.

3.3. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаларға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге лицензия беру құқы бар бірден бір лицензиар болып табылады.

3.4. Қазақстан Республикасының өкілді, атқарушы және сот билігі органдары мен жарғылық капиталының елу проценттен астамы мемлекет иелігіндегі ұйымдардан басқа жеке және заңды тұлғалары, резиденттері мен резидент еместері уәкілетті ұйымдардың құрылтайшылар бола алады.

3.5. Заңды тұлғаларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізуге рұқсатты Ұлттық Банк береді (N 2 қосымша).

3.6. Рұқсатты алу үшін құрылтайшылар Ұлттық Банктің филиалдарына өтініш және құрылтай құжаттарының нотариус куәландырған көшірмелерін тапсырады.

Ұлттық Банктің филиалы 15 күннің ішінде тапсырылған құжаттарды қарайды және олар қолданылып жүрген заң талаптарына сәйкес болған жағдайда, тиісті қорытынды шығарып, оны өтінішпен және құрылтай құжаттарының нотариус куәландырған көшірмелерімен бірге әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге рұқсат беру туралы мәселені шешу үшін Ұлттық Банкке жібереді. Құжаттар қолданылып жүрген заң талаптарына сәйкес болмаған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы дәлелді себептерін баяндай отырып құрылтай құжаттарын қайтарады.

Ұлттық Банк өзінің филиалдарынан түскен құжаттарды толық түскен күннен бастап жиырма күннен аспайтын мерзім ішінде қарап шығады. Құжаттар жазбаша ескертпелерімен бірге қайтарылған жағдайда оларды қарау мерзімі қайтадан тапсырылғаннан кейін жаңадан есептеледі.

Ұлттық Банк берілген құжаттардың есебін жүргізіп отырады.

Ескерту. 3.6.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 1999.05.20. N 113 V990808_ қаулысымен.

3.7. Құрылтай құжаттары қолданылып жүрген заңдарға және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмаған жағдайда, Ұлттық Банк өтініш берушіге бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып өзінің шешімі туралы жазбаша хабарлау арқылы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізуге

рұқсат беруден бас тартуға құқылы.

3.8. Құрылтайшылар Ұлттық Банктің рұқсатын алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін әділет органдарына өтініш жасауға міндетті.

3.9. Заңды тұлғалар қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізу үшін Ұлттық Банктің лицензиясын алуға тиіс.

3.10. Заңды тұлғалар қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін Ұлттық Банкке мынадай құжаттар тапсырады:

- қолма-қол шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

- заңды тұлғаның әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәліктің нотариус куәландырылған көшірмесі;

- құрылтай құжаттарының нотариус куәландырған орыс және қазақ тіліндегі көшірмелері;

- қызмет көрсетуші банктің қолданылып жүрген заңда көзделген толық мөлшерде уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталына қаржы салынғанын растайтын құжаты;

- салық төлеуші ретінде тіркелгендігі туралы салық органдарының анықтамасы;

- үй-жайды жалдау шартының немесе уәкілетті ұйымдар отырған үй-жайға меншік құқын растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариус куәландырған көшірмесі;

- айырбастау пунктiнiң күзет және өрт дабылы құралдарын пайдалануға қабылдау актiсiнiң түпнұсқасы немесе нотариус куәландырған көшірмесі;

- айырбастау пунктiн күзету шартының түпнұсқасы немесе нотариус куәландырған көшірмесі, оған айырбастау пунктiн тиісті қарулы күзет қызметiмен күзетуді жүзеге асырған кездегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігiнiң нотариус куәландырған, қызметтiң осы түрiмен шұғылдануға берiлген лицензияның көшірмесі немесе айырбастау пунктiнiң қауiп дабылы құралдарын пайдалануға қабылдау актiсi қоса берiледi;

- уәкілетті банктің айырбастау пунктiнiң шетел валютасымен жұмыс жөнiндегi кәсiби дайындығын растайтын құжаты.

3.11. Осы нұсқаулықтың 3.10-тармағында көзделген құжаттарды заңды тұлға Ұлттық Банктің филиалына тапсырады.

Ұлттық банктің филиалы барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап 15 күн ішінде тапсырылған құжаттар мен айырбастау пунктiнiң үй-жайының осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестiгiн тексеруге, қорытынды жасауға және барлық құжаттарды Ұлттық Банкке жіберуге міндетті.

Ұлттық Банк барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап бір жарым

айдың ішінде заңды тұлғаға лицензия беру немесе лицензия беруден бас тарту туралы шешім шығаруға міндетті. Шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

3.12. Лицензия (N 3 қосымша) заңды тұлғаға Ұлттық Банкке лицензиялық алымның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен төленгенін растайтын құжат тапсырғанда беріледі.

3.13. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге арналған лицензия екі жылға беріледі және оны басқа адамдарға беруге болмайды.

Лицензияның қолданылу мерзімі бітерден үш ай бұрын уәкілетті ұйым жаңа лицензия беру туралы Ұлттық Банкке тиісті өтініш жасауға құқылы. Ұлттық Банк аталған өтінішті қарап, осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен және шарт негізінде лицензия береді.

3.14. Ұлттық Банк ұсынылған құжаттар мен айырбастау пунктінің үй-жайы осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес болмаған жағдайда, өтініш берушіге бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып өзінің шешімі туралы жазбаша хабарлау арқылы заңды тұлғаға лицензия беруден бас тартуға құқылы.

3.15. Ұлттық Банк мынадай жағдайларда лицензияның күшін тоқтата тұруға немесе қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу лицензиясын қайтарып алуға құқылы:

- айырбастау операцияларын өткізу тәртібі бұзылса;
- уәкілетті ұйым осы Нұсқаулықтың талаптарын орындамаса;
- сот қолма-қол шетел валютасымен операция жүргізумен айналысуға тиісті лицензиясы бар уәкілетті ұйымға оны жүзеге асыруға тыйым салса;
- уәкілетті ұйым осы Нұсқаулықтың талаптарын орындамаса;
- сот қолма-қол шетел валютасымен операция жүргізумен айналысуға тиісті лицензиясы бар уәкілетті ұйымға оны жүзеге асыруға тыйым салса;
- уәкілетті ұйым қаражатты жарғылық капиталға уақтылы салмаса;
- лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаса;
- егер уәкілетті ұйымның айырбастау пункті соңғы үш ай бойы жұмыс істемесе.

3.16. Өзінің орналасқан жерін өзгерткен болса уәкілетті ұйым бес күн ішінде жазбаша түрде Ұлттық Банктің филиалына және салық органдарына хабар беруге міндетті. Ұлттық Банктің филиалы өзгеріс болғаны туралы дереу Ұлттық Банкке хабар береді. Ұлттық Банк бір айдың ішінде филиал арқылы уәкілетті ұйымға өзгеріс болғаны туралы мәлімет алғанын растайтын анықтама береді.

Уәкілетті ұйымның атауы өзгерген жағдайда, ол осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге жаңа лицензия алуы қажет.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің мекен-жайының өзгеруіне

байланысты осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес Ұлттық Банкте қайта тіркеліп, оған жаңа тіркеу куәлігі беріледі.

3.17. Уәкілетті ұйым өзі тіркелген облыста бірнеше айырбастау пункттерін ашуға құқылы. Бұл орайда әрбір айырбастау пунктіне лицензия алудың қажеті жоқ.

3.18. Жаңа айырбастау пунктін ашқан кезде уәкілетті ұйым оны Ұлттық Банкте тіркеуге және тіркеу куәлігін алуға тиіс.

3.19. Айырбастау пунктін тіркеу үшін уәкілетті ұйым Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттар тапсырады:

- айырбастау пунктін тіркеу өтініші;
- жалдау шартының немесе уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің үй-жайына меншік құқын растайтын құжаттың көшірмесі;
- айырбастау пунктінің күзет және өрт дабылы құралдарын пайдалануға қабылдау актісі;
- айырбастау пунктін күзету шарты, оған айырбастау пунктін тиісті қарулы күзет қызметімен күзетуді жүзеге асырған кездегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметінің осы түрімен шұғылдануға берген лицензияның көшірмесі немесе айырбастау пунктінің қауіп дабылы құралдарын пайдалануға қабылдау актісі қоса беріледі;
- уәкілетті банктің айырбастау пунктінің шетел валютасымен жұмыс жөніндегі кәсіби дайындығын растайтын құжаты.

3.20. Ұлттық Банктің филиалы барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап 15 күн ішінде тапсырылған құжаттар мен айырбастау пунктінің үй-жайының осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігін тексеруге, қорытынды жасауға және барлық құжаттарды Ұлттық Банкке жіберуге міндетті.

Ұлттық Банк бір айлық мерзім ішінде уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерін тіркейді және филиал арқылы тіркеу куәлігін береді және әрбір айырбастау пунктіне реттік тіркеу нөмірін береді (1а қосымша).

3.21. Облыс (қала) аумағында орналасқан уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерін Ұлттық Банк әрбір айырбастау пунктіне кезекті реттік тіркеу нөмірін беріп тіркеу журналында тіркейді. Бұл орайда әрбір облысқа жеке тіркеу журналы арналады. <*>

Ескерту. 3.21.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 1999.05.20. N 113 V990808_ қаулысымен.

4. Айырбастау пункттерінің жұмыс істеу шарты мен тәртібі

4.1. Банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, сауда ұйымының, қонақ үйдің,

әуежайдың үй-жайына және өзге үй-жайларға орналасқан айырбастау пункттерінің кассалық үй-жайы адамдар мен клиенттерден оқшаулануға тиіс, ал клиенттерге қызмет көрсету касса терезесі (терезелері) арқылы жүзеге асырылады. <*>

Ескерту. 4.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

4.2. Уәкілетті ұйымдар, уәкілетті кредиттік серіктестіктер немесе уәкілетті банктер жалға алған немесе орналасқан жеке тұрған ғимараттың, тұрғын үйге жатпайтын кіретін есігі жеке үйдің немесе тұрғын үйдегі пәтердің, терезесінде металл торы бар және есігі металдан жасалған болуы тиіс. Клиенттерге тек қана касса терезесі (терезелері) арқылы қызмет көрсетіледі. <*>

Ескерту. 4.2.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 4.2.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

4.3. Уәкілетті кредиттік серіктестіктің айырбастау пунктінің тұрған орнына қарамастан онда міндетті түрде күзет және өрт дабылы құралдарының, сондай-ақ қызметтің осы түрін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің немесе уәкілетті банктің өзінің қауіпсіздік қызметінің лицензиясы бар қауіп-қатер дабылы немесе қарулы күзет қызметі болуы тиіс. <*>

Ескерту. 4.3.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 4.3.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

4.4. Айырбастау пункттерінде айырбастау пунктінің ақшасы мен құжаттарын сақтауға арналған отқа жанбайтын металл шкаф болуы керек. <*>

Кассирдің өз ақшасы, сырт киімі және басқа заттары арнайы бөлінген бөлмеде немесе кассадан тыс орналасқан үй-жайда сақталуға тиіс.

Ескерту. 4.4.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

4.5. Айырбастау пункті ақша белгісінің түпнұсқалығын айқындау үшін техникалық құралдармен жаратқандырылуға тиіс.

4.6. Айырбастау пунктінің тұрған жеріне қарамастан уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізген кезде салық органдарында тіркелген фискальды жадылы бақылау-касса аппаратын немесе фискальды картамен жабдықталған компьютерлерді пайдалануға міндетті. <*>

Ескерту. 4.6.-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 4.5.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

4.7. Айырбастау пункттері қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бағамдары туралы ақпараттар жазылған (кем дегенде 40x60 см көлемде) стендтермен жабдықталуға тиіс.

Әрбір айырбастау пунктінде клиенттерге көрінетін жерде мынадай ақпараттар ілінуге тиіс:

- айырбастау пунктiнiң атауы немесе тiркелген номерi, сондай-ақ осы айырбастау пунктiн ашқан уәкiлеттi ұйымның, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктiң немесе уәкiлеттi банктiң атауы; <*>

- айырбастау пунктiнiң жұмыс тәртiбi;

- қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргiзу құқығына берiлген лицензияның көшiрмесi;

- осы Нұсқаулықтың N 4 қосымшасына сәйкес осы айырбастау пунктiнiң қызметiн бақылайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің облыстық (аумақтық) басқармасы туралы мәліметтер.

Ескерту. 4.7.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

4.8. Айырбастау пункттеріндегi жұмыс тәртiбi, қызметкерлер саны, қызметтiк мiндеттер аясы уәкiлеттi банктердiң, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктердiң немесе уәкiлеттi ұйымдардың басшылығы бекiткен iшкi тәртiп ережесiне сәйкес белгiленедi. <*>

Уәкiлеттi ұйымдардың айырбастау пункттерiнде тек қана айырбастау операцияларын жүргiзуге рұқсат етiледi. <*>

Ескерту. 4.8.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 4.8.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

5. Айырбастау пункттерінде қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргiзу тәртiбi

5.1. Айырбастау пункттерi уәкiлеттi банк, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiк немесе уәкiлеттi ұйым басшылығының жазбаша нұсқауы негiзiнде белгiленген сатып алу, сату және кросс бағамдарына сәйкес қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргiзедi. Жазбаша өкiм күн сайын шығып тұрады. <*>

Қолма-қол шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бағамына

айырбастау пунктiнiң жұмыс уақыты iшiнде өзгерiс енгiзуге рұқсат етiледi. Бағамның әрбiр өзгерiсi уәкiлеттi банк, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiк немесе уәкiлеттi ұйым басшылығының жазбаша нұсқауымен бекiтiлуге тиiс. <*>

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолма-қол шетел валютасын қолма-қол теңгеге сатып алу бағамының қолма-қол шетел валютасын қолма-қол теңгеге сату бағамынан ауытқу шегiн белгiлеуге құқылы. <*>

ЕСКЕРТУ. 5.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.08.28. N 158 V980599_ қаулысымен.

Ескерту. 5.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 5.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.02.19. N 17 V990709_ қаулысымен.

Ескерту. 5.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

5.2. Уәкiлеттi банктер, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктер мен уәкiлеттi ұйымдардың әртүрлi айырбастау пункттерiнде түрлi бағамдар белгiлеуiне рұқсат етiледi. <*>

Ескерту. 5.2.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

5.3. Айырбастау пунктiнде қолма-қол шет ел және ұлттық валюта болған жағдайда сатып алу, сату және айырбастау бойынша операциялар жүргiзуден бас тартуға болмайды. Сонымен бiрге айырбастау пункттерiнiң ақпараттық тақталарында айырбастау пунктiндегi шетел валютасының барлық түрлерi бойынша сатып алу және сату бағалары туралы мәлiмет болуға тиiс. <*>

Айырбастау пункттерi шет ел валюталарын сатып алу, сату немесе айырбастау кезiнде олардың құны бойынша және эмиссия жылдары бойынша, қандай да бiр валютаны айналымға шығаруға Ұлттық Банк тiкелей қойған шектеуден басқа жағдайда қандай да бiр шектеулер енгiзуге құқығы жоқ.

Ескерту. 5.3.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.02.19. N 17 V990709_ қаулысымен.

5.4. Бұрынғы жылдары шыққан эмиссиядағы шет ел валютасын неғұрлым жаңасына айырбастағаны және ұсақтағаны үшін Ұлттық банк айырбастаудың айрықша тәртібiн белгiлеген жағдайда болмаса комиссиялық сыйақы алынбайды.

5.5. Тозған банкноттарды сатып алуды, айырбастауды және ұсақтауды уәкiлеттi банктер сондай-ақ, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктер ғана жүзеге асырады. Тозған банкноттарды жаңасына айырбастау жөнiндегi комиссиялық сыйақыны уәкiлеттi банктер, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктер өздерi белгiлейдi, бiрақ айырбастауға ұсынылған соманың екi процентiнен аспауға тиiс.

Комиссиялық сыйақыны уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер операция жасалған күні Ұлттық банктің ресми бағамы бойынша Қазақстан теңгесімен өндіріп алады. <*>

Тозған банкноттар қатарына түпнұсқалығы күдік туғызбайтын және өзінің толық көлемі мен белгілерінің кем деген 70%-і сақталған (олардың нақты құнын білдіретін жазбаша және сандық белгілері және шамалы зақымданған (егер банкноттың түпнұсқалылығын анықтауға кедергі келтірмесе) банкноттар, оның ішінде:

- кірлеген, бөгде жазбалары, дағы, таңбасы бар, мөрленген бояу тамған, алғашқы түрі өзгерген банкноттар;

- жыртылған және желімделген, егер жекелеген бөліктері даусыз бір банкноттікі болып шықса, бұрышы, шеті қырқылған, шамалы ойықтары мен тесіктері бар (егер олар өтелгенін білдірмейтін болса) банкноттар;

- тозығы жеткен, умаждалған, күйген және күйік шалған банкноттар;

- қорғағыштық жібінен айрылған банкноттар жатады.

Ескерту. 5.5.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

5.6. Осы Нұсқаулықтың 5.5 тармағында көрсетілгендерге байланысты сатып алуға, сатуға және айырбастауға жатпайтын зақымданған ақша банкноттарын иесінің келісімімен уәкілетті банктер инкассаға қабылдауы мүмкін.

Шет ел валютасын инкассаға уәкілетті банктің қызметкерлері клиенттің өтініші негізінде ғана қабылдайды (N 5 қосымша), онда банкноттың саны, сериясы мен номері, шыққан жылы, олардың нақты құны мен инкассоға берілген барлық банкноттың жалпы сомасы көрсетіледі. Инкассоға шет ел валютасын қабылдаған кезде клиентке түбіртек беріледі. Инкассоға қабылданған қолма-қол шет ел валютасы уәкілетті банктер өздері белгілеген ең аз жөнелту партиясын топтау үшін қажетті соманың жинақталуына қарай эмитент банктерге (шет ел банктеріне) жіберіледі. Уәкілетті банктер клиенттерге эмитент банктердің (шет ел банктерінің) тозған банкноттарды айырбастаудан бас тартуы мүмкін екені туралы ескертуге міндетті. Эмитент банкі (шет ел банкі) жіберілген шет ел валютасын айырбастаудан бас тартқан жағдайда уәкілетті банктер клиентке мұны растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Уәкілетті банктер эмитент банктен (шет ел банкінен) инкассацияланған шет валютасы үшін өтем алғаннан кейін ақша сомасы клиентке шет ел валютасымен, теңгемен төленуі мүмкін, ағымдағы шотқа қолданылып жүрген заңға сәйкес шет ел валютасымен немесе теңгемен есептелуі мүмкін.

5.7. Шет ел валютасын сатып алу, сату және айырбастау кезінде айырбастау пунктінің қызметкерлері валютаның түпнұсқалылығын тестерлердің немесе басқа арнаулы аппаратураның көмегімен тексереді.

5.8. Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде өткізілетін қолма-қол шет ел валютасын сатып алу және сату операциялары операция жүргізген кезде сатып алынған және сатылған шет ел валютасын тізімдей журналында көрсетіледі, ол нөмірленіп, тігіліп және заңды тұлғаның және Ұлттық Банк филиалының мөрі қойылуы керек (N 6 қосымша). Журналдағы парақ саны (кем дегенде 30 парақ) уәкілетті ұйымның және Ұлттық Банк филиалының басшысының немесе басшының орынбасарының және бас бухгалтерінің қолымен расталады. <*>

Жұмыс күні соңында айырбастау пунктінің қызметкерлері бір күнде жүргізілген операциялар бойынша қорытындыларды есептейді және келесі күнге ақша қалдығын шығарады. <*>

Ескерту. 5.8.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 5.8.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.02.19. N 17 V990709_ қаулысымен.

5.9. <*>

Ескерту. 5.9.-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

5.10. 500 АҚШ долларына тең және одан көп сомада шет ел валютасын сатып алу немесе сату кезінде көшіргіш қағаз арқылы анықтамалар - сертификаттар - бланкілер толтырылуы міндетті (N 7 қосымша).

Сатып алынған немесе сатылған шет ел валютасының сомасына қарамастан клиенттің өтініші бойынша анықтама-сертификаттардың көшірмесі беріледі.

Анықтама-сертификаттарды басқа адамдардың атына ресімдеуге болмайды.

5.10-1. <*> Уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер және уәкілетті ұйымдар анықтама-сертификаттар бланктерінің есебін, сақталуын және түгел болуын тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге міндетті. Олар бүлінген немесе жойылып кеткен жағдайда, уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым бұл туралы дереу Ұлттық Банктің филиалына хабар беруге және Ұлттық Банк филиалының өкілін қатыстыра отырып тиісті акт жасауға міндетті. <*>

Ескерту. 5-тарау 5.10-1. тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.02.19. N 17 V990709_ қаулысымен.

Ескерту. 5.10-1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

5.11. Қолма-қол шет ел валютасын аударым есебі бойынша сатуды уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер жүргізеді. <*>

Ескерту. 5.11.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

Ескерту. 5.11.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

6. Айырбастау пункттерінде өткізілетін операциялар бойынша есеп беру

6.1. Жұмыс күні соңында айырбастау пункттері шет ел валютасын сатып алу және сату мөлшері жөнінде берілген есепті:

- уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттері - ішкі бухгалтерлік есепті ресімдеу ережесіне сәйкес; <*>

- уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері - осы Нұсқаулыққа берілген N 8 қосымшаға сәйкес ресімдейді.

Ескерту. 6.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

6.2. Айырбастау пункттері ай сайын Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) басқармасына шет ел валютасын сатып алу және сату және есеп берілетін ай ішінде Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) басқармасы белгілеген мерзімге жөнінде есеп беріледі (N 9 қосымша). <*>

Ескерту. 6.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

6.3. Ұлттық Банктің филиалы Ұлттық Банкке жалпы облыс бойынша шет ел валютасын сатып алу және сату мөлшері жөнінде Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастырудың 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 212 Ережесінде белгіленген мерзімде есеп береді.

6.4. Бір шет ел валютасын екіншісіне айырбастау есеп жасау нысаны кезінде екі операция түрінде:

- айырбастау пунктiнiң бiр шет ел валютасын теңгеге сатып алуы валютаның осы түрiн сол айырбастау пунктiнiң теңгеге сатып алу бағамы бойынша;

- айырбастау пунктiнiң бiр шет ел валютасын теңгеге сатуы валютаның осы түрiн сол айырбастау пунктiнiң теңгеге сату бағамы бойынша көрсетiледi.

6.5. Ұлттық Банктің филиалы ай сайын есеп берілетін келесі айдың 8-не дейін телеграфпен немесе басқа электр байланыс құралдарымен жалпы облыс бойынша уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерін бөлек көрсете отырып айырбастау пункттерінің саны туралы мәліметтерді Ұлттық Банкке хабарлайды. <*>

Ескерту. 6.5.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

6.6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне лицензияның нөмірі мен берілген күнін, тіркеу нөмірін, айырбастау пунктiнiң атауы мен орналасқан жерiн көрсете отырып,

қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге Ұлттық Банктің лицензиясы бар уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің тізбесін, сондай-ақ осы тізбеге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді тапсырады. <*>

Ескерту. 6.6.-тармақ жана редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.02.19. N 17 V990709_ қаулысымен.

Ескерту. 6.6.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137 V990820_ қаулысымен.

7. Жол чектерін шет ел валютасымен төлеу жөніндегі операциялар

7.1. Уәкілетті банктер шет ел банктерінің жол чектерін төлеуді банкаралық келісімде ескертілген тәртіппен және шартпен бақылау материалдары (көрсетілген төлем құжаттарының үлгілері, оларды төлеу тәртібі мен уәкілетті адамдар қолдарының үлгілері) болғанда жүргізіледі.

Уәкілетті банктердің айырбастау пункттері жол чектерін төлеуді уәкілетті банктерден қажетті ақпараттар алу шарты кезінде, жол чектерінің деректемелері мен оларды төлеу тәртібі нысанында болған барлық өзгерістер туралы ақпаратты қоса, жүзеге асыруға құқылы. Бұл ақпарат шет ел банктерінің құжаттар жинағында бақылау материалдарымен (жол чектерінің үлгілері мен оларды төлеу туралы нұсқаулықтармен) бірге сақталады. <*>

Ескерту. 7.1.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1998.06.19. N 119 V980557_ қаулысымен.

8. Айырбастау пункттерінің қызметіне бақылау жасау

8.1. Қазақстан Республикасының валюта бақылау органдары мен агенттері айырбастау пункттерінің қызметіне олардың қызметін осы Ереженің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында бақылау жасайды.

Валюта бақылау органдары өз міндеттерін жүзеге асыру үшін уәкілетті банк, уәкілетті кредиттік серіктестік пен уәкілетті ұйымды қызметке тартуға және айырбастау пункттерінің қызметіне бақылау жасау мақсатында олар орындауға міндетті жекелеген тапсырмалар беруге құқылы. <*>

Ескерту. 8.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137

V990820_

қаулысымен.

8.2. Уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің қолма-қол шет ел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін бұзуы анықталған кезде Ұлттық Банк:

<*>

- лицензияның қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтатуға;
- лицензияны қайтарып алуға;
- қолданылып жүрген заңға сәйкес айыппұл санкциясын салу шараларын қолдануға құқылы.

Ескерту. 8.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1998.06.19. N 119

V980557_

қаулысымен.

Ескерту. 8.2.-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
1999.02.19. N 17

V990709_

қаулысымен.

Ескерту. 8.2.-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. N 137

V990820_

қаулысымен.

8.3. Валюта бақылау органдары осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңға сәйкес өз құзыреті шегінде санкция қолдануға құқылы.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдар осы Нұсқаулық күшіне енген күннен бастап үш ай мерзімде жұмыс істеп тұрған айырбастау пункттерінің құжаттамасы мен үй-жайларын осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Ескерту. N 1, N 2, N 3, N 4 қосымшалардағы "облыстық (аумақтық) басқармасының" деген сөздер "филиалының" деген сөзбен ауыстырылды, N 3 қосымшада "басқарма" деген сөз "филиал" деген сөзбен ауыстырылды, N 4 қосымшада "басқарманың"

деген сөз "филиалының" деген сөзбен ауыстырылды -
ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1998.06.19. N 119

V980557_
қаулысымен.

N 1 қосымша

<*>

Ескерту. 1-қосымша толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137
V990820_
қаулысымен.

ТІРКЕУ КУӘЛІГІ

N _____ " ____ " _____ 199 жыл
(берілген күні)

Осы куәлік _____ орналасқан айырбастау
(айырбастау пунктiнiң мекен-жайы)

пунктiне берiлдi, ол _____
(банк операцияларының жекелеген

түрлерiн iске асыратын уәкiлеттi банктiң атауы және мекен-жайы,

уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктiң атауы және мекен-жайы

немесе уәкiлеттi ұйымның атауы және мекен-жайы)

карайды, _____ номермен _____ тiркелген.

(Ұлттық Банктiң филиалының атауы)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкiнiң филиалының

бастығы

Қосымша N 1a

<*>

Ескерту. Нұсқаулық N 1a қосымшасымен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.02.19. N 17
V990709_
қаулысымен.

Тіркеу куәлігі

N _____ " ____ " _____ 199 ж.
(берілген күні)

Осы куәлік _____ орналасқан
(айырбастау пунктiнiң мекен-жайы)

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті

_____ айырбастау пунктiне берiлдi,
ұйымның атауы және мекен-жайы)

ол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде _____ номермен
тіркелген.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасының

орынбасары

№ 2 қосымша

<*>

Ескерту. № 2 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.02.19. № 17 V990709_ қаулысымен.

Рұқсат

№ _____ " ____ " _____ 199 ж.
(берілген күні)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қолма-қол шетел

валютасымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы
негізінде айырбастау операцияларын жүргізу үшін құрылған _____

(занды тұлғаның атауы және тұрған жері)

занды тұлғаның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуіне рұқсат
береді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Төрағасының
орынбасары

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 20 мамырдағы N 113
қаулысымен бекітілген
N 3 қосымша

<*>

Ескерту. N 3 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.02.19. N 17

V990709_

қаулысымен.

Ескерту. N 3 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.05.20. N 113

V990808_

қаулысымен.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау
операцияларын жүргізуге берілген

Лицензия

N _____ " ____ " _____ 199 ____ ж.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі "Валюталық реттеу туралы" 1996
жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес

(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын)

уәкілетті ұйымның атауы және мекен-жайы)

қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операция жүргізуге осы лицензияны береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға валюталық бақылау агентінің міндетін жүктейді.

Осы лицензияның шарттарынан туындайтын құқықтарды үшінші тұлғаға беруге болмайды. Бұл лицензия бір ғана данада беріледі. Лицензия берілген күннен бастап екі жыл бойы заңды болып саналады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

№ 4 қосымша

<*>

Ескерту. 4-қосымша толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.06.21. № 137

V990820_

қаулысымен.

Айырбастау пунктiнiң клиенттерiне арналған
ақпарат

Осы айырбастау пунктi Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

(филиалының толық атауы)

басқармасы бақылайтын аумақта орналасқан.

Айырбастау пунктiнiң жұмысына ескертпелер болса шағымды мына
мекен-жайға

(филиалының почта мекен-жайы)

жіберуіңізді немесе _____

(филиалының телефон нөмірі

телефон нөмірі бойынша хабарласуыңызды өтінеміз.

Шағымдарды қарау үшін мынадай мәліметтерді хабарлауды сұраймыз:

- өтініш берушінің аты-жөні;
- өтініш берушінің мекен-жайы;
- айырбастау пунктiнiң атауы және дәл мекен-жайы;

- банк операциясының жекелеген түрлерін іске асыратын, осы айырбастау пунктін ашқан уәкілетті банктің немесе уәкілетті ұйымның, уәкілетті кредиттік серіктестіктің атауы;

- шағымның мазмұны;

- айырбастау пунктiнiң тәртіп бұзған күн.

Жазбаша шағымға өтініш беруші қол қоюы қажет.

№ 5 қосымша

ИНКАССОҒА БЕРІЛЕТІН ӨТІНІШ

_____ қ. " _____ " _____ 199 жыл

_____ (банктің атауы)

филиалдың/бөлімнің № _____

(Клиенттің аты-жөні)

_____ мекен-жайында тұрады.

(үйінің мекен-жайы)

Жеке басын куәландыратын құжаты _____

(№, сериясы, берілген күні, кім берді)

Сізден жалпы сомасы _____

(шет ел валютасының атауы, банкнот саны, олардың нақты құны,

сериясы мен номері, шығарылған жылы)

банкноттарды инкассоға қабылдауыңызды сұраймын.

Тозған валюталарды инкассоға қабылдау шарттарымен таныспын және банкке инкассоға өткізілген шет ел валютасы сомасынан _____% мөлшерінде комиссиялық сыйақы төлеуге келісемін,

Эмитент банк (шет ел банкі) инкассоға өткізілген банкнотты айырбастаудан және оларды айналымнан алудан бас тартқан жағдайда _____ қоятын ешқандай талабым жоқ.

(банктің атауы)

_____ (аты-жөні) _____ (аты-жөні)

(клиенттің қолы) (банк қызметкерінің қолы)

_____ (күні)

_____ (күні)

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 20 мамырдағы N 113
қаулысымен бекітілген
N 6 қосымша

<*>

Ескерту. N 6 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999.05.20. N 113
V990808_
қаулысымен.

Сатып алу бағамы _____
Сату бағамы _____

Сатып алынған және сатылған шетел валютасының
Тізбесі

" ____ " _____ 199 ____ ж.

Рет	Валютаның !	Шетелдік валюта сомасы	! Ұсталған
N	атауы !	-----!	алым
	! жұмыс !	Сатып ! Сатылғаны !	жұмыс ! сомасы,
	! күнінің !	алынғаны !	-----! күнінің ! теңгемен**
	! басында !	! валюта- !	теңгемен ! соңында!
	! !	! мен !	! баламасы*! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! !

! Жиынтығы: ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! !

Кассирдің қолы _____

* - сату бағамы бойынша есептеледі

** - 5-бағандағы соманың 1 %-і

N 7 қосымша

<*>

Ескерту. N 7 қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.02.19. N 17

V990709_

қаулысымен.

Ескерту. 7-қосымша толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. N 137

V990820_

қаулысымен.

Анықтама-Сертификат

Справка-Сертификат

Серия _____ N _____

Банк/Банк

Ұйым/организация

(Банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің/ұйымның аты мен мекен-жайы)(Название и адрес Банк/организации)

Айырбастау пункті

Обменный пункт (тіркеу номері, айырбастау пунктiнiң аты және мекен-жайы)

(регистрационный номер, название и адрес обменного пункта)

N_ Лицензия, берген жері

Лицензия, кем выдана

Азамат(ша)

Гражданин(ка) (аты-жөнi) (фамилия, имя, отчество)

(төлкұжаты, жеке куәлігі, сериясы, нөмірі, азаматтығы) (паспорт, удостоверение личности, серия, номер, гражданство)

Сатып алынды/сатылды

(керек емесін сызыңыз)

Куплено/продано

(ненужное зачеркнуть)

(сомасы (санмен және жазумен) және шетел валютасының аты)
(сумма (цифрами и прописью) и наименование иностранной валюты)

Шетел валютасының теңгеге
шаққандағы сатып алу/сату бағамы

курс покупки/продажи иностранной валюты к тенге

Кассир _____ Азамат(ша) _____
(қолы)(подпись) Гражданин(ка) (қолы)(подпись)

Уақыты _____

Дата (күні, айы, жылы)(число, месяц, год) (басшының қолы)(подпись)

руководителя) _____

(Бас бухгалтердің қолы) (подпись главного бухгалтера)

М.О.

М.П.

№ 8 қосымша

" _____ " _____ 199 жыл

Айырбастау пунктiнiң шет ел валютасын

сатып алу, сату және түсiм туралы

Күндiк есебi

Рет	Валюта	Теңге	Таза түсiм	
N				
	Валюта	Валюта	Ресми бағам	Сатып алу-сату
	түрi	сомасы	бойынша	бағамы бойынша
		теңге		үшiн
	1	2	3	4
1/Алынған		-	-	-
валюта				
және		-	-	-
теңге				
		-	-	-
2/Сатып				
алынған				
валюта				
3/Сатыл.				
ған				
валюта				

4/Өткі.						
зілген						
валюта			-	-	-	
және						
теңге			-	-	-	
			-	-	-	

Барлығы: |2+3 жолдар |
|сомасы |
|

Қолдар:

банк операцияларының жекелеген

Айырбастау пунктiнiң түрлерiн iске асыратын уәкiлеттi
кассирi _____ ұйымның бухгалтерi _____

№ 9 қосымша

<*>

Ескерту. 9-қосымша толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі

Басқармасының 1999.06.21. № 137

V990820_

қаулысымен.

Айырбастау пунктiнiң тiркеу номерi және
мекен-жайы _____

Айырбастау пунктiн ашқан уәкiлеттi банктiң,
уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктiң
(банк операцияларының жекелеген түрлерiн iске
асыратын уәкiлеттi ұйымның) мекен-жайы және
атауы _____

199 жылғы " _____ "

(айдың аты)

Шет ел валютасын сатып алу және сату туралы

ЕСЕП

Валюта	Сатып	Сату	Ең төмен бағам	Ең жоғары бағам	
атауы	алу				
		сатып алу	сату	сатып алу	сату

1	2	3	4	5	6	7

Басшының қолы

Бас бухгалтердің қолы